

**Н.А.А БДОЛЛАЕВ**

**ТАРИХТЫҢ  
КЕЙБІР ТЕОРИЯЛЫҚ  
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**АҚТӨБЕ, 2013**

**ББК 65.240**

**A 13**

**Қазақстан Республикасы  
Білім және Фылым Министрлігі  
Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты**

**Абдоллаев Нұртаза Ақишанұлы.  
A13 Тарихтың кейбір теориялық мәселелері**

– Ақтөбе, ТОО «Литер-А», 2013- 274 бет.

**Шікір жазғандар: Е.Әбіл т.ғ.д., профессор  
Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты.  
Исмаилов Ә.И. т. ғ. д., профессор  
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті.**

**A0605010405**

**001001-05**

**ISBN**

Н.А.Абдоллаевтың «Тарихтың кейбір теориялық мәселелері» атты еңбегінде тарихтың әдіснамасы аясындағы әлемдік теориялық ұстанымдары Қазақстан тарихының әдіснамалық мәселелерімен ұштастырылып баяндалған. Автордың бұрын да осы тақырып аясындағы жарық көрген шығармалары мен шағын макалалары да атаптың мәселелеге арналған. Таңдаушылық салыстырмалы әдіснама арнасында дүниежүзілік және отандық тарихшыларының әдіснамалық тәжірибесінде толық сипатталмаған мәселелерді барынша баяндаған осы еңбек тарихты зерттеушілерге орны аса маңызды.

Еңбекте баяндалған мәселелер әлем және ел тарихын зерттеушілерге, соның ішінде бакалавр мен магистранттарға, докторанттарға өзіндік орны бар шығарма.

**ББК 65.240**

**A 13**

**@ Н.А.Абдоллаев, 2013  
@ ТОО «Литер-А», 2013  
Басылымның құқықтары қорғалған  
Басылымның мұліктік құқықтары  
ТОО «Литер-А» баспасына тиесілі**

**ISBN**

**АҚТӨБЕ, 2013**

## КІРІСПЕ

Жуырда жарияланған «Қазақстан -2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Бағдарламасындағы тарихи білім мен ғылым саласына жүктелген міндеттерді орындау үшін бірінші кезекте сынаржақты идеология салдарларынан әбден арылу қажет. Әйтпесе, пәлен жылдар бойына даму заңдылығын көпе-көрінеу белден басып, қайдағы бір қысыр қиялдармен халықтың басын қатырмаған болар еді. Күні кешегі бастан кешкен солақай тарихи сана ақиқатпен үш қайнаса сорпасы қосылмайтынын, ал ешқашан жүзеге асып көрмеген және ешқашан жүзеге аспайтын қысынсыз қиялға сену үшін бүгінгі де, кешегі де шындыққа көзінді жұма қарап, құлағынды тарс бекітіп тастауға мәжбүр ететіндігіне күмән қалдырмады. Расында да, жан-жағын темір тормен қоршап тастаған қараңғы қоршауда өмір сүріп келгендігіміз әбден рас екенине де әр посткеңестік ел азаматтарының көзі толық жетті. Әлемдік экономикалық, саяси, мәдени дамудан атымен алшақ жатыппыз. Жалпы адамзаттық тарих арнасынан айдалаға лағып кетіппіз.

Талай халық талай жылдар бойына өз өткенін өзі ұмытып, өзгенің тарихын өзімдікі деп ұғып, уақыт ағымында қайдан шығып, қайда бара жатқанын өзі ұқпайтын өгей ене бауырсақ әсіренкі күй кешіпті. Осыдан бұрынғы ширек ғасыр шамасындағы келеңсіздік те сол көзжұмбайлыштан өрбіпті. Тарихтың талай талма тұсында тап осылай болыпты. Барлығы да дақпыртқа сеніп, даңғазаға елігуден басталыпты. Бірақ, кешегі кеңестік кеңістіктегі құлақкестілік бұрын-соңғы етекbastылықтың қай-қайсысынан да асып түсіпті. Олай болуының себебі де жеткілікті еді.

Біріншіден, сынаржақты қазымырлықтың дәуірлеуі тенденсі жоқ технологиялық төңкерістермен тұспа-тұс келді. Ол адам санасын ауыздықтаудың талай қитұрқысын менгеруге жағдай жасап берді. Осы заманғы қоғамның қолында бар мүмкіндіктер – ақпараттың, үгіт-насихаттың, білім беру мен күш көрсету жүйелерінің барлығы да айтқанынан ешкім шықпайтын ерен билік жағдайында тек бір мақсатқа – жұртшылықтың әлеуметтік міnez-құлқын адым ашқызбай аңдып бағуға жұмылдырылды. Соның нәтижесінде, миллиондаған адамдардың ары мен ойына ашық та, астыртын да қысым жасайтын әзәзіл жүйе жасақталып, ол бұрын-соңды әлем тарихында болып көрмеген әлемет деңгейге дейін шектен шыға асқыннады.

Егемен алғанға дейінгі саналық ұстаным азаматтардың қоғамдық санасын түпкілікті жойып жібермегенімен, өз уысынан шығармай, қылғындырып ұстайтын қыл тұзақты қапысыз ширатып бақты. Тап мұндай күллі әлемдік деңгейдегі ақыл-ой апатының мысалын арғы-бергі тарихтан тап басып айтып бере алмаймыз. Жұртшылық санасын мұншама тұралатудың бірақ мақсаты: адамдардың миы мен көкірегін қазір жазып, артынан сүртіп тастауға онай мектеп тақтасындағы кез-келген ақпаратты, тәр мен тәртілті, қысын мен қағиданы онай тықпалап, онай өшіріп тастауға қолайлы ой

сырдаңдығы мен пікір сырғанақтығына жаппай бой алдырту еді. Бірақ, түптеп келгенде, бұл сол үрдістің өзіне тауан болды. Өзі де сол жүрттың неге болса, соған сеніп, онай елігетіндігінен ат жалынан ауып тұсті.

Екіншіден, идеологиялық жағынан да, технологиялық жағынан да мұздай қаруланған билік тек бір кезеңдерді ғана емес, күллі әлем тарихын тұтасымен қайта қарап, тергеп-тексеруге алды. Тарихи дамудың сан алуан жолының бәрі мансұқталып, тек тап құресі ғана бір жақты ұлықталды. Сөйтіп, қоғамдық санағылыми пікірге емес, қалай да мойын ұсынбасына қоймайтын соқыр сенімге иек артты. Осындай ұстаным аясында тарих апологияға, саясат теологияға айналды.

Үшіншіден, мемлекет қолындағы билік пен қоғамдық зерде адамзат тарихын таптық күрестің тар қауызына қыптығы жүмсады. Оған мойын ұсынғысы келмегендердің мойындары үзілді.

Мұндай ауыз айтып жеткізе алмас ауқымдағы ақыл-ой азғындауы кешегі кенестік кеңістікті түгел қамтыды. Бірақ, біздің қауымның талайсыздығы бәрінен де асып тұсті. Таптық құрес тұрғысынан келгенде, Еуразия көшпендерінің өткен жолы тарих деп айтуға келмейтін тантық әңгіме болқалды.

Сондықтан, Егемен ел болған бастауымызда өткен-кеткенімізді қайтадан сараптамасқа жағдай жоқ. Әйткені, тарихи жадымызды қалпына келтіріп, тағдырымызды қайта таразылау тәуелсіздігіміздің де мән-маңызын тереңірек үғындыра түседі.

Құні кеше халықтар тарихын қолдан бұрмалаудың қаншалықты өрескел деңгейге жеткенін бүгін әрең аңғарып отырмыз. Бүгінгі қазақ ұлтын құрайтын тайпалардың мыңжылдықтар бойы бастарынан кешкендері сол кеше пайда болған кенже қауымның мұддесі тұрғысынан зерделегендеге тарихқа да, адамзатқа да еш қажеті жоқ бекер әурешілік болып табылды. Тұтас бір ұлтың өткенін бұлай тұрпайыландыру көп мақсатты көздейтін еді.

Қазақтардың тарихи бірлігін тұтастай мансұқтаудың қандай қасіретке ұшыратқаны XX ғасырдың 20-30-жылдардағы тәркілендіру тұсында анық байқалды. Көшпендерінің кешегі Қазақстан байлығын игерудің қай-қай тұсында да аянбай қарғап сіленді. Ол көшпелі халыққа жаны ашығандық емес еді. Өз жер, өз топырағының игілігін игергенде «қолыңнан келмейді» деп, өзінді аулаққа қыптастаудың айла-шарғысы еді. Көп уақытқа көшпелілерді өз бетімен дами алмайтын, жасампаздық қасиеттен атымен ада, жөн білмес, жүген тимес, қырып-жойғыш сойқан күш ретінде көрсету бел алып келді. Ол пікір көшпелілер мен отырықшылардың өмірлік-рухани мұдделерінің ешқашан бітіспейтін, ежелгі кереғарлығы бар деген қисынға сүйенди.

Сөйтіп, ресми саясатқа коммунизм деп аталатын қайдағы бір қияли қоғамның саяси-элеуметтік және экономикалық мұраттарына қабыспайтын

деректер мен көзқарас атаулы тарихтан түп-түгел, сыйырылып алынып тасталды. Ғылым тізгінің де өз қолында мықтап ұстаған билеуші партия күллі әлем тарихын барша адамзаттың баяғыдан бері социалистік және коммунистік қоғам құру жолында жүргізіп келе жатқан саналы күресінің шежіресі деп ұғындыруға құш салды. Ал ондай таптық таяздық пен әлеуметтік бөлекарушылыққа бой алдырмаған тұлғалардың бәрі ұлтын сатқан халық жауы саналып, аттары ауызға алынбайтын болды.

Егемендік туын өз қолына алған баршамыздың алдында шын тарихымыздың желпіндіретіндегі женісті сәттерімен қоса, ойсырата ойландыратындаған дегенде де толығымен қамтып, тұтасымен қалпына келтіру міндеттінің тұрғандығы қаншалықты маңызға ие екендігін айтпаса да түсінікті. Қайткен күнде де, біз өз халқымыздың тарихтағы өз бағыт-бағдарын табу жолындағы күрделі ізденістерін айқын көзге елестете алуымыз үшін өткенімізді білуге тиістіміз. Қазақ аспаннан түскен жоқ, ауадан жаратылған жоқ, арттағы ұрпақтың игілігі үшін атамекенді қаны мен терін аямай төгіп, азап пен арпалыста алыса жүріп, аман алып қала алған ата-бабалардың ұрпағымыз. Олардың бастан кешірген абырайлы сәттері біздің рухымызды асқақтатып, женілістері мен жәбірленген сәттері бізді де қателіктер мен адасушылықтардан сақтандырады.

Ұлттық тарихқа ұмысныуымыз тек өткенге құмартушылықтан емес, болашаққа деген мақсаттарымыздың қаншалықты негізділігін пайымдау қажеттілігінен туындалап отыр. Уақыт талабына тек өткенді біліп, тарихқа қанығып барып, дұрыс жауап таба аламыз. Цицеронның «тарих – тағдырымыздың тәрбиешісі» дейтіні де сондықтан. Басқаша айтсақ, тарих бүгінімізге берер тағлымы мен ертеңімізге сілтер жөн-жосығымен қымбат.

Біздің пайымдауымызша тарих дегеніміз бүткіл адамзат баласының, жер-судың, оның үстінде өткен ғажайып оқиғалардың баяны. Ол және әншейін тіркең жаза салған баян емес, жер бетінде адамдар, халықтар жаратылғалы қоғамнаманың жасайтын ақиқаттық баян. Оның ішінде жалғаны болмауы керек. Ол баян бүтін әлемнің жымдасқан, Қилюласып кірігіп тұрған оқиға бөлшектерінен тұрады. Егер оның бірі жазатайым сұы көп болса, тесік ыдыстай ішіндегісі ағып кетеді. Сондықтан, тарихқа енген оқиғалар оны құрастырушының асқан ыждағаттылығымен сыналанып, алып тастай алмайтындағы болып орналасады. Тарихты қиоямын қоятын адап шежірешілер тарихты тастай етіп жасайды.

Сондықтан да, өткенімізді әділеттілік пен әрі шыншылдықпен байыпты зерттеп, жан-жақты пайымдай білу ең ардақты парыз. Бұл ретте адамзаттың бейнеті көп өткен жолы екі түрлі солақайлықтан абай болуды аңғартады. Бірінші – өз тарихында өзің аңызға айналдырып, өз дәстүріндегі өзің әсіре дәріптеуге бой алдырмау. Бағзыдағы бабаларымыз қандай керемет болғандарымен, көп жағдайда өз кінәмізден емес, өзгелер кінәсінен кейіндең қалған кенделіктерімізді, басқалар емес, өзіміз танып, өзіміз түзетуге тиіспіз.

Оның үстіне, өзің өзің қаралай сұқтанудың қаншалықты кесепатты екендігіне талай рет көзіміз жеткен.

Екінші бір солақайлық – өз бағанды өзің білмей, қаралай қымсынып, өз тарихынан өзің қорқынушылық. Ол көбіне-көп үгіт-насихат машинасы миымызға құштеп құйып бақсан жаңсақ ұғымдардан туындаиды. Ондай машиналар әлдеқашан қирап қалса да, олар қалыптастырған қасаң түсініктерден әлі арылып болған жоқпыз. Мәселен, қоғамдық пікірде, тіпті өз отандастарымыз берін жақын көршілеріміз тарапынан Орталық Азия халықтарын іргелі өркениет дамытуға ыңғайы шектеулі, ал В.Жириновский, А.Солженицын сияқты «орыс халқын уағыздаушылар» тарапынан одағай да олақ, әрі жөндеріне журе алмайтын сотанақ қауымдар санайтын солақай көзқарас әлі құнгеге ұшырысып қалып отырады.

Әлемдік тәжірибе арнасында, ұлттық тарих әрқылы зерттелуі мүмкін. Ол кейде белгілі бір ұлт пен елдің өзге ешкім де қайталай алмас ерен жаратылғандығы турасындағы нәсілшілдік немесе ұлтшылдық астамшылыққа желеу боп та кете алады. Кейде өз халқыңа байланысты әділетті орнына келтіріп, соның нәтижесінде, бүкіл қоғамды ынтымақтастырудың қуатты құралы да бола алады. Мәселе, тарихты зерделеуді қандай мақсатпен қолға алуға байланысты болмақшы.

Сондықтан да, тәуелсіз мемлекетіміз өз азаматтарын отандық және әлемдік тарихты терең білуге үндеп, сол олда тиісті қолғабысын аямауға бел байлап отыр. Қазақстанды тұластай этномәдени тұрғыдан зерттеу қолға алынды. Оған ғылыми құрылымдар, орталық және жергілікті билік орындары түгел атсалысуда. Еліміздің тарихы мен мәдениетінің елең еткізердей тың деректері мен жаңа беттері көптең ашылады деп үміттенеміз. Сөйтіп, халқымыздың тарихи жадын қалпына келтіру бағытындағы шаралар Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың жетекшілігімен зерттеліп бірталай биіктеге жетті.

Қазақстандықтар зиялды қауым ізденистерінің ел мүддесінен шығатынына еш күмәнданып көрген емес. Өйткені, кез-келген қоғам тек ғылым арқылы ғана уақыт пен кеңістік ауқымындағы өз орнын дәл аңғарып, дәл мөлшерлей алмақшы. Халқымыздың арманда кеткен талай боздағының мәндайына бұйырмаған бұл бақытты ерекше қастерлей білгеніміз жөн. Егер қай-қайсымыздың да әуелден жасаған берген ырыс-дәулеттеп бұрын абырай тілегеніміз рас болса, алдымен осы қасиетті парыз үлесінен шығуға қам жеуіміз қажет.

Бұл – әсіресе ұлттымыздың тарихи зердесін терендетіп, жаңа қоғамдық санасын қалыптастыратын гуманитарлық ақыл-ойымыздың айырықша қаузайтын қағидасы. Өйткені, гуманитарлық ғылым – қоғамдық, ұлттық, мемлекеттік болмыстың ең биік көрінісі.

Және бір жағдайды есте тұтқан дұрыс. Бұрын-сонды ұлттың рухани оянуына мемлекет тікелей өзі мұрындық болған емес. Бұрын-сонды мемлекет

пен қоғамдық ғылымдардың түбөгейлі мұдделері бүтіп бір жерден шығып көрген емес. Бұл да – біздің халқымыздың басына қонған сирек бақыт. Бұндай жағдайда, халқымыз зиялды қауымыздан тарих тасқынында бетімізбен лағып кетпей, өз бағыт-бағдарымызды тыңғылықты табуда қандай өрелі табыс дәметуге де қақылы.

Бұл орайда құрметті оқырманға айтарым, осы сэтте қолыңызға алған «Қазақстан тарихының кейбір теориялық мәселелері» атты еңбек автордың 70 жас шағына жетіп оның 40-тан астам жылын отан тарихына арнаған кезіндегі бұрынғы ғалымдардың еңбектері мен өз зерттеулерінен жинақтаған теориялық-әдіснамалық материалдары негізінде баяндалған. Еңбек барынша бүгінгі отандық тарихты оқыту мен зерттеу талабы аясында және елімізді туындалған отырған қоғамдық жаңа менталитет пен жаңа ұлттық сана қалыптастырудың жүйелі ізденістерге жол ашатын түпкілікті бетбұрысқа ықпал етеді деген үміт тартамын. Автор өзін осындай дәрежеге жетуге барынша тіреу болған атап-анасына, тарих ғылымының танымалы ұстаз-әріптестері және замандастарына шын ықыласын білдіреді.

## **Тарих методологиясы хақындағы ұстанымдар.**

Адамзат эволюциясының курделі міндегі дүниені тану болып табылады. Бұл орайда ғылыми тұжырым негізінде объективті шындыққа жету басты мақсат. Тарихи танымның өзі материалдық және руханият салаларынан құралады. Ал, дүние тану саналық дәрежесі жетілген, әрдайым нақтылы мақсатты қөздеген жанға тән қасиет. Сондықтан, адами орта әрдайым әлемнің жаратылысы мен қоғамдық құрылымы туралы білім арқылы адамзаттың тарихи сатыларын тани алады.

Таным арнасының сан-қылыш көрінісі ғылымда негізінен эмпирикалық (тәжірибе), көркемдік және эстетикалық (сезім), ғылыми-теориялық тұжырым-түйін негізінде анықталады.

Ғылым қалыптасқанша дейін және одан кейінгі кезде дүние танымның эмпирикалық (іс тәжірибе) әдісі ғана қолданылған. Бұл әдіс аясында әлемдегі құбылыстар жеке адамның сезімі арқылы тану арқылы тәжірибе жинақтап оны үрпақтан үрпаққа ұласуы арқылы білімге айналған.

Білімді танытудың түрі айналадағы құбылыстардың көрнекі – сезімдік сипаты болып оның сыртқы келбетін көрсетумен шектеліп, ал ішкі құрылымын толық ашып анықтай алмаған. Сондықтан, ғылыми кезенге дейінгі заманда эмпирикалық (тәжірибе) білім аңыз және басқа құдыреттерге тәуелді етіп баяндалған. Білімді жинақтаудың атамыш кезеңі адамның әлемді танудағы қажетті сатысы болып осында жинақталған тәжірибе ғылыми таным сатысына жол ашты.

Көркемдік танымның нақтылы түрлері шынайы шындықтың бейнесін сипаттауға негізделген. Яғни, саланың ғалымдары ойынша бұнда қаралып отырған құбылыстардың сипаты автордың көркемдік ой түйіні негізінде баяндалады [1].

Ғылым танымның жоғарғы сатысы мен білімнің негізгі түрі болып оның ерекшелігі үдерістің ішкі дүниесін ашуында болса керек. Шынтуайтта, құбылыстың түйіні мен оның сыртқы көрінісі біркелкі жағдайында ғылымның қажеттілігі қаншама деген объективті сауалға кезіктіреді. Олай болса ғылыми таным оқиғаның (құбылыстың) түрі мен мазмұнын, көрінісі мен түйінін, көлемі мен сапасын анықтау негізгі міндегі болып табылады. Атамыш мәселелерді айқындау міндегі арнаулы әдістерге сүйенсе, ғылыми білім оларды баяндаудың ерекше тәсілдерін талап етеді. Эмпирикалық білімнің нақтылығы мен көркемдік білімнің бейнелілігінен гөрі ғылыми білім өзінің мазмұны, әдісі және баяндау тәсілі бойынша теориялық-логикалық сипатымен ерекшеленеді [2].

Білім жүйесі ретінде анықталған ғылымның құрылымы күрделі болып көптеген құрамдас бөліктерден жинақталған. Ғылыми білімнің өзекті және аса маңызды түрі **теория** болып табылады. Ғылым білімнің жиынтығы болуы мен катарап білім жаңалығының негізін және ғылыми танымның әдістерін қалыптастырады. Ғылыми танымды талдау туралы ойын классиктер былай жеткізген: «тарихтың бастауынан негіз алғатын ой-өріс тарихи процестің елестетушілік (абстракция) және теориялық түріне айналады, ал бұның өзі ғылыми занұлық жолымен тарихи процестің ақиқатына жол ашады» [3].

Коршаған айналаны тану қурделілігі мен сан қылыш түрі оны зерттеудің көптеген әдістерін қалыптастырган. Осы процесс аясында ғылыми таным әдістерінің арнаулы ілімі **әдіснамасы** (методология) дүниеге келген. Ғылыми танымның маңызы мен қурделілігі ғылыми зерттеудің обьектісіне айналуы **гносеология** деп атап танымның жалпы теориясын құрастырган.

Енді ойымызды тарих теориясының түрлеріне бұралық. Ғылыми танымның дүниетанымдық, теориялық, әдіснамалық, әлеуметтік және логикалық проблемалары бұл ғылымның өзекті мәселесі болып табылады. Бұл орайдағы арнаулы және жалпылама еңбектерде теориялық мәселелерге маңызды орын берілген [4]. Теория көп мағыналы түйіндерді құралады. Ғылыми арнада теория деп материалдық және рухани құбылыстарды анықтайтын (ғылыми-жаратылыстану және әлеуметтік концепциялар мен болжамдар т.б.) идеялар және көзқарас тұжырымдарын, яғни ой қызметі мен ғылыми зерттеу нәтижесін атайды. Олай болса теория деп ғылымның жалпы проблемаларын зерттеуге маманданған (теориялық деректану) немесе абстрактты-логикалық әдіске негізделген (теориялық физика) салаларын жатқызуға болады. Теорияның гипотезадан айырмашылығын ғылыми ізденістер арқылы тұжырымдалып немесе іс жүзінде пайда болған ережелер мен қорытындалар негізінде анықталады. Осы анықтамаларға тән ортақ сипат ол обьект туралы білім немесе құбылыстың нақты баяндану сапасын құрайды. Бұл теорияның маңызды және ерекше сипаты. Алайда, ол ғылыми білімнің түріне жататын теорияның түйінін шектемейді.

Теория ғылымның ең жоғарғы және аса қүрделі түрдегі сатысын құрайды. Элемдік арнада теория ғылым туралы білімнің түрі бола материалдық және рухани қазына аясындағы құбылыстарды айқындаң оның даму занұлықтарындағы нақтылы ұштастырығын дәлелдеп баяндау арқылы табиғатты, қоғамдық қатынастар мен адамды онтайлы бағытқа сілтейтін жол деп тұжырымдалған [5]. Немесе теория таным обьектісінің түйіні мен мазмұны туралы білім, оны тәжірибеде және таным арнасында пайдалануға болады.

Әмір жәйттерін объективті баяндалу теориясы оларды жан-жақты терең зерттеу нәтижесінде қалыптасып танымның ең биік сатысында пайда болады. Ал теориялық білімнің қалыптасып жетілуі (генезисі) осы еңбектің ғылыми таным сатыларын сипаттайтын арнаулы тарауында баяндалады. Бұл сәтте ғылыми теорияның қалыптасуындағы негізгі шарттарын тану арнасына ойымызды бұралық. Олай болса, теория өз түйінінде тұжырымдалған шартты білім болып табылады, яғни қандай да болмасын табиғи құбылыс өзінің ішкі құрылымдық ерекшелігін ашып көрсету негізінде баяндалады.

Теорияның негізгі міндетіне оқиғаларды негізделген (фундаментальды) идеялар аясы мен қағидалар және зандылықтарды сақтап біртұтас жүйе арқылы баяндау жатады. Жүйесіз теория болуы мүмкін емес. Ғылыми теорияның ішкі құрылымы әдетте жабық түрде логикалық тұрғыдан қайшылыққа бейім пікіралыстағы шартты сақтайды. Ал теорияның логикалық жарасымдығына оны тиімді ықшамдау (минимизация) арқылы жету мүмкін. Яғни, теория барынша ықшамдалған оның дерегінен құралатын идеялар мен түсініктер негізінде қалыптасады. Сайып келгенде, ғылыми теорияның баршасы құрделі ішкі құрылымнан жинақталып ол ғылыми біліктің көптеген қарапайым құрамаларын өзіне жинақтайды [6].

Ғылымның қандай саласына қатысты болмасын теория өзінің бастауын сол шындықтың барлық құбылыстарының жиынтығынан құралатын эмпирикалық негізге сүйенеді. Теориялық тұжырымда нақтылы мысалдан гөрі зерттеу аясында міндетtelген таным объектісін сипаттайтын оның жүйесі бағалы. Теорияны құрайтын фактілер (нақтылы процестер, тарихи оқиғалар) негізгі ұғымдардың қосындысы арқылы сипаты мен ерекшелігін сол оқиғаға қатысын сипаттайды. Пәннің түйіні ұғымдардан құралады. Сондықтан, ұғым ғылыми ойшылдық, танымдық үрдістің негізі бола тұра теорияның мазмұнын көрсетеді. Осымен қатар теорияның маңызды түйіні категория болып табылады. Оның орны аса биік және өз бойына шындықтың басты ерекшеліктері мен қосымша мәліметтерді жинақтайды.

Теорияның маңызды және бағалы бөлшегі ретінде оның зандары (шарттар) танылған. Зандар ұғымның ішкі құрылымын сипаттайды, яғни оның теориядағы қажетті, таңбалы қайталанып отыратын көріністерінің байланысын біріктіреді. Ал заң және түйін тен ұғым береді. Теория бойында санқилы зандар болуы мүмкін, алайда оның түйіндік мазмұны нақтылы құбылыстың негізгі заңына тәуелді. Яғни, теория құрамындағы зандар басқа зандардан шығуы мүмкін емес [7]. Солай бола тұра ұғымдық-категориялық аппарат, одан туындаған зандар және әлемдік объективті құбылыстар үрдісі мен дамуы

нақтылы теориялық білім бере алмайды. Ол үшін барлық құбылыстарды біріктіру процесінің (синтез) жоғарғы буыны қажет. Зерттеушілердің бір тобы теориядағы біріктіруде басты рөлді идея атқарады десе, ал екіншісі қағида атқарады деген тұжырымды ұстанған [8].

Осыған орай идея мен қағида бір-біріне ұқсас болып, әрдайым нақтылы білім жүйесінің концепциясының бастауы екендігін ескерген жөн. Алайда, жалпы ғылыми таным мен теорияны қалыптастыруды олардың әрқайсысы дербес міндеп атқарады. Ғылыми идея теорияның ұғым, заң және теориясын біріктіретін құрал. Интеграциялау мен біріктіру (синтездеу) процесінде идея шындықтың фундаментальді қасиеттерін сипаттайтын.

Қағида ғылыми танымның құрамдас бөліктерін біріктірудің құралы бола тұра теория сатыларын құрудың әдісі болып табылады [9]. Сайып келгенде, ғылыми теорияның өзі теория және әдіснама міндептін атқаруға толық мүмкіндігі бар. Теорияның мазмұнын логикалық жолмен өмірге жеткізу дін, яғни адамның ойын жария етудің тиімді жолмен баяндау болып табылады. Соңдықтан, оны кейбір зерттеушілер ұстанған тұжырым бойынша теорияның құрылымына енгізіп қараудың өзі күдік туғызады деп есептейді. Ғылыми теория тұрғысындағы білім тұрақты бола алмайды. Зерттеу барысында объектінің белгісіз сырлары, байланысы мен зандаудың анықталады, ал кейбір жәйттерде радикалды өзгеріске де ұшырауы мүмкін. Сонымен қатар, теория білімнің түрі бола тұра әрдайым ақиқатқа жетудің тұжырымдалған әдісі болып табылады.

Теориялық білім оның қамтитын құбылысының көлемі мен терендігіне және зерттеу барысында анықталған мазмұнына байланысты. Ал ғылыми-теориялық білімнің таным құндылығын анықтау үшін теорияның (сұрыпталуы) классификациясы туралы мәселеге ерекше көңіл белген жөн. Ғылым арнасында теорияның көптеген классификациясы кездеседі. Солардың кейбіріне көңіл аударалық.

Ғылымның әлемдік тәжірибесінде танылған классификация бойынша теориялар ұқсастық дәрежесі бойынша жүйеленеді. Ал бұның өзі теорияның табанына тәселген зандар негізінде анықталады. Осы ретте қоғамдық-гуманитарлық ғылым теориялары мынадай бағыттар бойынша сипатталады: арнаулы, жалпы және жалпылама. Жалпыға ортақ дәрежедегі теориялар жалпы философиялық, философия-социологиялық, арнаулы-ғылыми және нақтылы-проблемалық топтары деп жіктеледі. Теорияның баяндалған түрлері диалектикалық тұрғыдан бір-біріне тәуелді өзара тығыз байланысымен, ал оның төменгі сатылардағысы биіктегілерге сүйенеді.

Тарихтың теориясы қалыптасуы аясында әдістеме мен логикалық қисын бойынша салыстырмалы, аналитикалық (талдау) және синтетикалық (логикадан тыс сыртқы мәліметтер) зерттеу түрлері елеулі рөл атқарады [10].

Құбылыстың пайда болып даму үрдісін анықтап оған ұқсас іс әрекеттердегі ортақ сипат және айырмашылықтарды бір-бірімен салыстыру арқылы тұжырымдауга әкелетін жол ғылымда салыстырмалы теория деген түсінікпен аталған. Аталмыш теория әлеуметтік және тарихи процестерді зерттеуде кең қолданылады. Әдетте салыстырмалы теория шындықтың теориялық танымының бастауы болып табылады. Оның құрылымдық негізіне ұқсастық әдістемесі салынған.

Аналитикалық теория шындық құбылысының шектеулі салыстырмалы шеңберін сипаттайты. Оның құрылымында басты рөлді құбылысты талдау (анализ) және тәжірибе (индукция) әдістері атқарады. Аталмыш теория ғылымның нақтылы салаларымен қатар тарихты зерттеуде де кең қолданылады. Таным жүйесіндегі зерттеу тәжірибесіне ортақ сипаттар арнасында теорияның аналитикалық әдісі салыстырмалы теориядан гөрі басым.

Білімдегі шындықты анықтау теориясында сүбелі орынды синтетикалық әдіс орны бағалы болып табылады. Бұнда белгіленген идея мен теориялар негізінде зерттелуші сала туралы білімді анықтау нәтижелерін біріктіру (интеграциялап) арқылы шеңбері мен терендігі кең жаңа теория қалыптасады. Ал синтетикалық теорияның қалыптасуында біріктіру (синтез), жалпыламадан жекеге ауысу (дедукция), елестетуден нақтылы бейнеге көшу (абстракция, конкретное) әдістемелері шешуші рөл атқарады.

Сайып кегенде, ғылымның барлық салалары мен нақтылы зерттеулерде теорияны сұрыптау (классификациялау) арқылы зерттеу объектісіндегі білім шындығын және оларға жетудің тиімді жолын айқындалап жаңа танымға жол ашылады. Бұның өзі ғылыми зерттеулер нәтижесіне баға беріп саланың болашағын болжауға мүмкіндік береді.

Ғылыми танымның ең жоғарғы сатысы, яғни сала теориясы өз бойына кең шеңбердегі міндеттерді (функция) жинақтайты. Олардың қатарында бірінші кезектегі онтологиялық-танымдық міндет объект құбылысын ғылыми тұрғыдан танытады. Яғни, бұнда объект әлеміндегі оқиғалардың негізгі сипаты мен байланысы, дамуы мен атқаратын міндеттін баяндаушы кешенді заңдылығы анықталады. Бұның өзі зерттеу объектінің табиғи немесе өзара қоғамдық байланысы мен заңдылықтарын белгілі жүйедегі рөлін көрсету нәтижесінде ғылыми таным мен іс жүзінде тиімді қызметтер атқаруға жол сілтейді [11].

Сөйтіп зерттеу объектінің ғылыми теориясын қалыптастыру мен оны жетілдіру атанымның биік сатысы болып табылады. Бұндай биік нәтижеге үгымдар мен категориялар, зандар мен идеялар аясында ой салыстыру, пікірсайыс, логикалық тұжырымдар немесе көзқарастар жүйесі арқылы қол жеткізуге болады. Тәжірибеде іс-әрекеттегі практикалық-эмпирикалық танымнан гөрі ғылым аясындағы анықтаудың тиімділігі мен шындығы аса құнды [12].

Тіршіліктің материалдық және рухани салаларында ғылым нәтижелерін тиімді пайдалану жаңа теорияның басты мақсаты болып табылады. Зерттеу нәтижесінде бір жүйеге тізілген үгым, категориялар, зандар мен тұжырымдар аясында қоғамдық өмірдің қажетіне байланысты арнаулы мұдде пайда болады.

Ғылыми теорияға іспеттес сан-қылыш түсініктер классификациялануы мүмкін. Осы тұрғыда ғылыми-теориялық білімді пайдалану жәйінде теориялық классификация таным бірлігі дәрежесінде өте маңызды. Ал қоғамның даму процесін тану үшін ғылыми-проблемалық білім мен түсінік буындарында жалпы философиялық, социологиялық, арнаулы-ғылыми және нақтылы-проблемалық өлшемдердің орны ерекше. Олардың әрқайсысы ғылыми теориялық таным мен іс жүзінде анықталған білімді пайдалануда маңызды рөл атқарады. Бұл орайда білімнің философиясы маңызды рөл атқарады. Онда объект туралы арнаулы-ғылыми және нақтылы-проблемалық білім жинақталып, құбылыстың жалпы сипаты мен оның дамуының негізгі зандылықтары айқындалуы нәтижесінде субъекттің атқаратын рөлі анықталады.

Сайып келгенде, ғылым және ғылыми-теориялық тұжырым өзінің ғылыми-танымдық және түсіндіруші міндеттерін тек қана философиялық таным аясына тығыз байланыста атқара алады.

Казіргі заманғы дүние таным процесі ғылымдар интеграциясы мен өзара бір-бірін толықтыру үрдісінен өрбиді. Оның негізгі себебі дифференциалды және арнаулы зерттеулер нәтижелерін тұжырымдау қажеттігі мен қатар сол жетістіктердің өзара байланысы бір-біріне ықпалын кең контексте талдап объект шындығының басқа да қырларымен салыстыруды талап етуінде. Бұның өзі тек ғылыми танымның даму үрдісіне тән көрініс.

Ғылыми-теориялық білімнің тағы бір әлеуметтік міндетін өміршіл іс-әрекет құрайды. Яғни, теориядан алынатын білімнің құндылығы өмірдің материалдық және рухани салаларында қолданылып қоршаған әлемнің сырын менгеріп оны жетілдіруге бағытталуы тиіс. Қай заманда болмасын қурделі міндеттерді шешуде қоғамдық процестер ғылым нәтижесіне сүйенеді,

сондықтан оның алдына қоғам тарапынан қойылатын талаптар үрдісі өскелен. Қандай да болмасын ғылыми теорияның негізіндегі идеяда бір-бірімен екі түйін нық орын алған. Біріншісі, шындықтың объективті сипаты немесе білімнің танымдық-шолу аспекті болып табылады. Екіншісі, идеяның өзгертуші мүмкіндіктері, немесе ғылыми білімнің іс-әрекет аясындағы аспектісі (қимылы). Сондықтан, идея ғылыми танымның ең биік сатысы болып табылады. Осы орайда теориялық танымның түйіні өзін-өзі жоғытын межеде жаңа білім сатысына көтеріліп, іс жүзінде материалдық және рухани жаңалықтармен толықтырып объект шеңберін кеңейтеді [13].

Материалдық өндіріс саласын дамытуда жаратылыстану мен техникалық ғылымдардың маңызы зор болса, ал әлеуметтік-гуманитарлық ғылым жүйесі қоғамдық іс-әрекет өміріндегі міндеттерін шешуде шоқтығы биік болады. Осы арналардың ғылыми-теориялық нәтижелері қоғамдық өмірдің міндеттері арасындағы шешуші салаларды ұйымдастыру мен басқару істерінде қолданылады. Бұнда әсіресе әлеуметтік, саяси, мәдениет қызметін басқарып оның бағытын реттеу міндеттері бірінші сатыдан орын алады. Қоғам дамуындағы ұйымдастырушылық және бағыттаушылық проблемаларымен қатар болашақты болжау міндеттері ұштасып отырады. Ал олардың өзі ғылыми зерттеудің негізінде ғана болуы мүмкін. Ғылымның тәжірибедегі маңызды міндеті халықтың сауатын ашуды заман талабы аясындағы тәрбие жұмысын ұштастырып жүргізу болып табылады. Бұл орайдағы басты мақсат адамдардың бойында толық дүниетанымдық сұранысты қалыптастыруды көздейді.

Әлем эволюциясында адам бойындағы дүниетаным аса маңызды және күрделі мәселе болып табылады. Адамның дүниетанымын әлем туралы біліктің тұжырымдалған жүйесі және ондағы табиғи - әлеуметтік процесстер, адамның айналасындағы іс-әрекеттер (шындықтар) оның бағасынан құралады [14]. Ол әрдайым нақтылы дәуірдің рухани дамуының тұжырымдалған сипатын баяндайды. Адамзат дүниетанымының қалыптасу арнасында барлық ғылымдардың орындары бар. Бұл орайда философия ғылымының алатын орны ерекше.

Ғылымға негізделетін дүниетаным сол ғылымды одан әрі дамытып оның ғылыми-таным процесі түйінінде өзіне тән дүниетанымды ұстанған субъект (ғалым) болып табылады. Дүниетанымды қалыптастыруы мен қатар ғылыми-теориялық білім басқа да, яғни ағарту және тәрбиелеу міндеттерін атқарады. Қоғамдық міндеттерді болжап, тұжырымдал анықтау арнасында тарихтың маңызы да елеулі орын алады. Оның ғылым жүйесіндегі арнаулы міндеттері

мен ерекшеліктері туралы бұл еңбектің келесі тарауларында арнайы баяндалады.

Ғылыми-теориялық білім жүйесінің күрделі және маңызды саласын **методология (әдіснама)** құрайды да ғылыми арнаның тың сырына жетудің санқылышы бағыттарын ашады. Таным процесінің күрделілігі мен сан-қылыш түрлері, жолы мен әдістері таным туралы арнаулы таным теориясын немесе гносеология деген атаумен белгіленген. Бұның маңызды тарауын ғылыми танымның теориясы немесе эпистемеология атқарады. Гносеология мен эпистемология танымның жалпы проблемаларын зерттейді. Сондықтан, саладағы проблемаларды анықтап баяндауда табиғат, қоғам және ой-өріс туралы білікке, яғни философияға негізделеді. Олай болса гносеология мен эпистемология философиялық пән құрамына жатады.

Сан-қылыш түрдегі объект шындығын зерттеу әртүрлі әдістерді қолдануды міндеттейді. Ондай әдістерді даярлау ісі ғылыми-таным процесінің маңызды және дербес тарауына жатады. Бұл аядағы проблемалар ғылыми танымның әдіснамасы мен логикасын қамтиды. Осы екі сала бір жағынаң белгілі ғылыми-теориялық білікпен тығыз байланысты болса, екінші жағынаң зерттеу әдістерінің гносеологиялық негізі және оны жетілдірудің құралы болып табылады.

Сайып келгенде, ғылыми теория, әдіснама және зерттеу әдістері біртұтас жүйе. Ал өзара байланыс сипаты, әдіснаманың мазмұны мен рөлі және ғылыми таным әдістері арнаулы талдауды қажет етеді.

### **Зерттеу методологиясы (әдіснамасы) мен әдістері.**

Ғылыми танымның әдіснамасы мен әдістері ғылым теориясымен қатар зерттеуші үшін күрделі және аса жауапты міндет болып табылады [15]. Ал осы арнадағы проблемалар ғылыми әдебиетте түрліше баяндалуда. Мысалы, гносеология танымды қоғамдық шындықтың ғажайыбы (феномені) ретінде жалпылама сипаттайтын ғылым болып белгіленген. Таным теориясы өзінді танудың айрықша түрі болып оған бұл арнаны анықтаушы міндеттін атқара келе зерттеудің ортақ ережелерін айқындайды [16]. Ал эпистемология ғылыми таным теориясының жетекші тарауы болып табылады.

Гносеологияның таным объектісін субъектпен танылуши объекттің ара-қатынасындағы көріністер құрайды, яғни гносеология ғылым және оның дәуіріне дейінгі таным шындықтарымен байланыс сақтайды. Ғылыми теорияның барлық түрі тәріздес гносеологияның басты мақсаты зерттелуші процестердің негізгі сырын ашу міндеттін атқарады. Замануи ғылымда мынадай

гносеологиялық категориялар белгілі: бейнелеуші, сезімдік, ойшылдық, эмпирикалық және теориялық, елестеушілік (абстрактік) және нақтылы, ақиқатпен алдаушылық (өтірік), тарихи және логикалық т.б.

Таным процестерінің күрделілігіне орай оның кейбір аспектілерін басқа ғылымдар аясында зерттелген нәтижелерін гносеология тұжырымдайды. Эсіресе, осындай міндет тарих ғылымы үлесіне көп тиген (философия, тіл, сезім құралдары құрылымы, ой оріс процестері тарихы т.б.). Гносеология таным процесі аясында нақтылы ғылымдарды зерттейтін ғылым нәтижелеріне сүйеніп әсіресе, оны одан әрі жетілдіріп таным процесі мен ғылыми танымның жалпы табиғатын сипаттайтын. Осы келбетте гносеология философиялық ғылым болып танылған. Сайып келгенде, таным процесін толық зерттеуімен қатар гносеология әдіснама және логика сияқты ғылымдардың ғылыми тануының теориялық негізі болып, оларды зерттеудің құрылым процестері мен тану түрлерінің арнаулы пәніне айналады [17].

Ғылыми зерттеудің әдісі өзектілігі мен маңызы және күрделілігі бойынша бір тәбе еkenі шығармашылар ортасына аян. Бұл туралы әлемге белгілі авторлар әдіс зерттеудің «зандылығы мен теориясын» анықтаудан гөрі әлдеқайда күрделі деген тұжырымға бейім [18]. Ал солардың бірі Дж. Берналл болса «ғылым әдісі ғылымның өзі сияқты анықтауға келмейді» деген ойды ұстанған [19]. Әдістеменің түйінін анықтаудың қыындығы шынайы негізге сүйенеді. Бұнда бірінші кезекте ғылым мен іс-әрекет әдістемесінің сан-қили түрде болуында. Осымен қатар, ғылым әдістемесінің баршасы күрделі және тұрақсыз көріністегі буындардан құралып басқа да әдістемелермен ұштасып қолданылады және зерттеудің әр сатысында өзгеше міндет атқаруға бейім (проблеманы қою кезінде, оқиғаны анықтаудың эмпирикалық негізде жүйелеу сатысында, фактіні түсіндіру арқылы теорияны қалыптастыру кезінде).

Ғылыми зерттеу әдістемесі өзінің атқаратын міндеттері бойынша бірнеше саладан құралады. Яғни, қолда бар ғылыми білікті пайдаланудың және жаңа білімнің сырын ашуға қолданылатын әдістемелер танымның санқилы міндеттерін атқаруға бейім. Әдістеме бір жағдайда аян болған білім шындығының объективтігін дәлелдесе, екінші жәйтте алдына қойған мақсаты шынайы жаңа білімге қол жеткізу міндетін көздейді. Сондықтан, аталған міндеттер аясында әртүрлі әдістемелер қолдануды қажет етеді.

Алдына қойылатын міндет мақсаттар аясында зерттеу әдістемесінің терең және шенбері кең анықтамалары қалыптасқан. Солардың бірі бойынша «әдістеме дер кезінде мақсаттаған биікке жету үшін қолданылатын іс-қимыл, амалдардан құралады», деп көрсеткен белгілі авторлар [20]. Ал тағы бір

осындай дефиницияда әдістеменің жүйелілігі, белгіленген іс-әрекеттердің үйлесімдігі мен шарт аясындағы сипатты көздейтіндігі арнайы аталған [21]. Ойымызды тұжырымдай келе айтарымыз, ғылыми әдістеме субъекттің танылуши объектпен өзара қатынастарын үйлестіру арқылы зерттеу мақсатына жетудің жолдары мен қағидаларының, талаптары мен ережелерінің, анықтамасы мен процедуралары және құралдарының кешені деген анықтама беруге тұрарлық. Егерде ғылыми теория біліктің объектісін елестетін болса, әдістеме объектті танудың құралы деген анықтама да үйлеседі.

Тәжірибе арнасында ғылыми таным әдістемесі мазмұнын зерттеу әдісімен ұштастырып қарайтын болсақ олардың елеулі айырмашылығын байқауға болады. Егерде әдіс танымның кездейсоқ, іс жүзіндегі эмпирикалық құралы болса, әдістеме шындықты теория арқылы танудың ғылыми тұрғыдан негізделген түрі болып табылады [22]. Әдістеменің өзі операция және процедуралардан құралады, біріншісі жеңіл, қарапайым іс әрекет болса, екіншісі көп бағыттағы және мазмұнды операциялар кешенінен құралады.

Бұл орайда мұқият ескеруге тұратын таным құралы түйіні. Ол кең және мазмұнды ой түйіні болып арнаулы әдіс арқылы әдестемеден бастау алады. Олай болса, ғылыми әдістеме теория арқылы негізделген өлшемді таным құралы деген анықтамаға саяды. Шындықты сипаттайтын объективті білім тек қана ғылым теориясы негізінде пайда болуы мүмкін.

Әдіс түйінін менгеріп одан әрі жетілдіру үшін оның құрамындағы объективтілік пен субъективтікің ара қатынасын жан-жақты талдап ескеру аса маңызды. Әдіс, зерттеушінің шынайы шығармашылығы болғандықтан оның орнын шектеп тіпті ескермеуге болмайды. Сондықтан, ғылыми таным әдісінің барлық түрі объективтілік пен субъективтілік үйлесімдігінен құралады.

Объективті шындық ғылым теориясы аясында ғана анықталуы мүмкін. Шындықты теренірек танудың әдісінің негізі де ғылым теориясынан бастау алады. Алайда, теорияның өзі әдіс бола алмайды [23]. Таным процесінен тыс бола тұра категориялар, зандар, теория идеялары объектке тән көріністер мен түйінді ғана айқындаиды.

Теория мен әдіс арасында ғылыми тұжырымға негізделген диалектикалық өзара байланыс сақталады. Әдістің негізі теориядан бастау алады да, сол теорияны жаңа біліммен толықтырып одан әрі жетілуіне жол ашатын қурал міндеттін атқарады. Теория тек әдіс арқылы тұрақты жетіліп терендей түсүі мүмкін. Әдістің жаңа түрін тауып оны тиімді қолдану арқылы білім жүйесіне шындықтың жаңаша теориясы пайда болады.

Зерттеудің ақиқатына объективті баға беру жолында әдістің ғылымилығы мен дерекпен дәлелденуі өте маңызды. Объективті, шынайы теориялық жүйеге негізделген әдіс әрдайым алға қойған мақсатқа апарады. Тек қана субъекттің әдісті сараптама арқылы қолдануы және теорияда бұрын анықталған жүйенің зандылығын мұлтіксіз сақтауын талап етеді. Бұл жолда тұрақсыз немесе дәлелденбекен әдіс өрескел қателікке соқтырады [24]. Ал келесі маңызды мәселе әдістің дұрыстығы жөнінде болмақ. Оны анықтайтын онтологиялық және гносеологиялық тіреулер де. Осымен қатар әдістің тиімді мүмкіндітерін білдіретін ұтымды көрсеткішке ие. Дұрыс және тиімді әдіс танылуши объект сипаты, зандылығы мен ғылыми танымдық процестің түйіні жөніндегі шынтуайтты біліммен қатар, таным теориясының жалпы және нақтылы саласы туралы тұжырымға негізделеді. Ал әдістің гносеологиялық сипатын анықтау үшін оның буындары мен даму үрдісінің сатыларын талдап саралау арқылы мүмкін.

Ғылыми-зерттеу процестің баршасы проблеманы анықтаудан, зерттеу міндеттері мен мақсатын айқындаپ оларды шешу амалдарынан басталады. Объекттердің шексіз құбылмалы жағдайы оның зерттеуге алынған нақтылы қыры мен таным міндеттерін табуды қажет етеді. Аталмыш шарт сакталмаса зерттеу өз нәтижесіне жетуі мүмкін емес [25]. Ғылыми проблема іс-әрекет, қажетті қызмет орындау және ғылыми-таным тұсында пайда болса, оның түйіні мен мазмұны жинақталған білімнен негіз алады.

Зерттеу проблеманы анықтап тандау зерттеушіліктің күрделі проблемасы, яғни ол екі дербес міндеттерден құралады: проблеманың іс жүзіндегі құндылығы және оның әміршендігі. Осымен қатар, сол жөніндегі білікті талдау болашағын анықтап объект туралы шындыққа тоқтатқан жөн болар. Ғылыми таным әдістерінің пайда болуы мен оны зерттеудің зандылығы (теориясы) **әдіснама** деген түйінмен белгіленген. Осы мәселені егжей тегжей зерттеген еңбектерде әдіснама гносеологияның құрамдас бөлігі деп көрсетілген [5, 230-232 бб.; 9, 40 б.]. Әдіснама гносеология құрамындағы ғылыми танымның ілімі бола тұра онтологиялық және гносеологиялық білімдерге негізделеді, оларды зерттеу аясындағы проблема ретінде анықтап оның сипатын, алдына қойылған мақсатының қағидалары мен шешімдерін жүйелі реттегі талаптарға ұштастырылған.

Соңғы екі жарым ғасыр шамасында жарық көрген ғылыми әдебиетте әдіснама шенбері мен мазмұны туралы сан қылыштар баяндалған. Зерттеушілердің бір тобы әдіснама барлық ғылым салаларына ортақ және диалектикалық-материалистік негізге сүйеніп әдіс танымы арқылы қағидаларын

нақтылы зерттеуде қолдана алады деген пікірді қолдаған [5, 231б.]. Ал екінші топты құрайтын ғалымдар зерттеу теориясында жалпы әдіснамалық таным негізі мен іс жүзінде әдіснаманың диалектикалық-материалистік түрімен қатар нақтылы теориядан бастау алатын шындықтың ғылыми түйіні бар деген ұстанымға бейім [9, 44 б.]. Егерде әдіснаманың негізі шындықта болса әрине екінші түйін бүгінгі зерттеу міндеті мен амалдарына үйлесімді болып көрінеді.

Әдіснаманың деңгей негізі ақиқат туралы теорияның деңгейіне тікелей байланысты екенін де ескерген жөн. Ғылыми арна аясында дүниедегі қоғамдық құбылысқа жалпы философиялық, философия- социологиялық, арнаулы-ғылыми және нақтылы –проблемалық атаумен белгіленген төрт деңгейлер көрсетілген. Аталған деңгейлер өзара тығыз байланыста болғанымен жалпыфилософиялық бағыт барлығын өзіне тартып оларға ерекше әсер етеді. Ал XIX-XX ғасырлардағы бұл жөніндегі шығармаларда әдіснаманың философиялық деңгейі материалистік диалектика деп тұжырымдалған. Оның қағидалары (зандары) дүниедегі құбылыстардың дамуы, өзара байланыста болуы және ішкі зандылығының сақталуы, қайшылықтары мен ішінara ұқсастығы, ішкі қарама қайшылығы негізіндегі өзгерістерді ескеруді талап ететіне арнайы көңіл бөлінген [29, 78-82 бб.].

Адамзат қоғамындағы құбылыстарды зерттеу жағдайында тарихи материализмнің әдіснамалық міндетінің басты қағидасы бірінші кезекке тіршілікті, ал одан кейін қоғамдық сананы қояды [30, 27 б.]. Осы қағидалар зерттеудің талаптары мен шенберін, ғылым әдісінің сипатын анықтауда басым рөл аткарады [9, 36-37 бб.]. Ғылымда материалистік диалектиканың реттеушілік қағидалары бірінше кезекке қойылған.

Зерттеуге алынған объект шынайы қалпінде талдануы үшін ғылым проблемасын анықтауға шек қойылмауы қажет. Солай бола тұрса да ғылыми таным әдісі абсолютті сипатта болуы мүмкін емес. Ал зерттеудің мақсатына жету жолында бір-бірімен тең (адекватты) сипаттағы әдістер қолданылады. Қоғамдық оқиғаларды материалистік диалектиканың қағидалары аясында зерттеуден бұрын арнаулы салаларды айқындаپ ашып көрсету шарты сақталуы керек. Бұл ретте біріншіден, талданушы оқиғаның пайда болып өміршендігіне негіз болған материалдық жағдайға көзі жетуі керек; екіншісі, тұтас әлеуметтік организмдегі оның алған орнын анықтау қажет; үшіншісі, оған тән зандылықтар мен ерекшеліктер және ерекше қасиеттерде ескеру жөн болады; төртіншісі, әлеуметтік саланы дамытудағы оның рөлі мен атқаратын міндеттерін анықтау керек.

Зерттеу әдісін қалағанда философиялық деңгейден аталған әдіснамалық тәсілдер, қағидалар мен талаптар негізге алынуы керек. Алайда аталған тәсілдер, қағидалар мен талаптар әдіснаманың жалпы зерттеу стратегиясын, мазмұнын, сатыларын анықтайды арнаулы және нақтылы ғылыми деңгейінің орнын толық қанағаттандыра алмайды. Оларды арнаулы таным жолымен оқиғаның түйініне жетіп, яғни танымның теориясы мен әдіснамасы негізінде анықтауга болады. Теорияға тәріздес әдіснама дүниетанымда, әсіресе жалпыфилософиялық деңгейде маңызды рөл атқарады. Философиялық әдіснаманың бойындағы зерттеудің жалпы теориялық талдау тәсілі, таным қағидалары мен әдістері, басты бағыттары және тенденциялары зандаудың зерттеудің жалпы стратегиясында жинақталуы қажет. Сондықтан, ғылым тарихы әлем туралы білімнің теориясы болуымен қатар сол білім сырына жетуді мақсаттаған ізденіс тәжірибелердің жиынтығы. Сайып келгенде, әдіснама ғылыми таным әдістерінің теориясы екенін анықтаймыз. Ал теорияны іс жүзінде әдіснаманың қағидалары мен талаптарының логикалық ережелері мен процедуralары арқылы әдістеме асырады.

Ойлаудың түрі мен зандары негізінде шындыққа жол сілтейтін ғылым формалді және диалектикалық логика атауымен белгіленген. Логика талдаудың әдісі арқылы білімді жетілдірудің және оның жаңа түріне жетудің құралы болып табылады. Формациялық дәуірлеу жүйесінің негізін қалаушылар тұжырымы бойынша формальді логикаға жаңа нәтижелерге қол жеткізіп, белгісіз қырларды ашудың құралы деген сипат берген [31, 138 б.]. Алайда талданатын объектілер мен құбылыстар қоршаған ортадан дербес болуына орай формальді логиканың аясында оның таным мүмкіндіктері шектеулі болады. Аталмыш ақаулық құбылыстардың барлық көріністерін ескеріп танитын диалектикалық логика бұл жағдайда өз артықшылығын танытады [32].

Таным процесінде формальді және диалектикалық логика әртурлі міндет атқарады. Диалектикалық логика таным әдіснамасының жинақтаушы және оның зерттеу теориясының негізі болып табылады. Ал формалді логика болса тек қана қарапайым операциялардың ережесі мен процедуларын жинақтап, әдісті қалыптастыруыш құралы рөлін атқарады.

Түйіндері мен категориялары, зандары мен қағидалары негізінде адамның субъективті санасын объективтілікке ұластыруы арқылы логика ғылыми танымның тиімді құралы болып танылады. Бұл тұжырым бір жағынан адамның іс-әрекетімен, яғни тәжірибе арқылы дәлелделсе, екінші жағынан сананың шындық ақиқатын сипаттаушылық қабілетінен туындейды [31, 35, 302 бб.]. Сондықтан, зерттеудің тиімді әдісін табу оның теориясы және әдістемелік

денгейлерінде объективті мүмкіндіктер жинақталған. Ал ғылыми әдістің негізі қоғамдық өмірдің материалдық және рухани қазыналарынан құралады. Бұл орайда мұқият ескеретін тағы бір жэйт ол тек қана тәжірибе ғылыми зерттеудің кажетті амал құралдарын ұсынуында.

Енді ғылыми танымның әдісі деңгейіне тоқтап өтелік. Бірде бір ғылымда тек өзіне тән абсолютті, қайталанбайтын әдіс болмайды деген пікір бар. Ал жеке ғылымға қатысты әдіс кең танылған шектеулі зерттеу амалдарың әртүрлі ұқастықтарының кешені болатыны анық дәлелденген. Олардың өзіндік ерекшелігі объекттің сапасы мен зерттелу деңгейіне тәуелді келеді [33, 416.]. Сөйтіп, әдіс зерттеуде төсілген амалдардың жиынтығы болуымен қатар таным объектінің өзгешілігіне байланысты қурделі теориялар үндестігі, әдістемесі және техникалық құралы. Зерттеу әдістерінің құралуы мен міндеттерін атқару дәрежесін анықтау үшін оны сұрыптау керек, яғни тік және жазық құрылымын анықтау қажет. Осы әлбетте зерттеудің мынадай дәрежелік деңгейлерін (категория) ескерген жөн [6, 514 б.].

Ғылыми танымның философиялық әдісі шындықты анықтаудың жалпы ортақ амалы мен қағидаларын ашып зерттеу процесін толық сипаттайты және оның барлық сипатын көрсетуге үйлеседі. Ол диалектикалық-материалистік және метафизикалық әдістер болып зерттеу барысында диалектика мен метафизика арасындағы ара-қатынасты (куресті) баяндайды.

Ғылыми-зерттеу әдістердің келесі тобын танымның жалпыға ортақ ғылыми әдістер құрайды. Бұл әдістер зерттеудің барлық түрлеріне қолданылып танымға қойылған міндеттерді шешуге өте ыңғайлы. Мысалы, оның аясындағы дедукция мен индукция зерттеудің амалдарын көрсетсе, біріктіру (синтез) мен талдау (анализ) объекттің түйінін анықтауға жол сілтейді. Ал зерттелуші құбылыстың құралы мен түрі туралы ақпаратты баяндаушы және сан әдісі берсе, құрастыру (моделирование) әдісі бұдан жоғары сатыдағы ғылыми таным бағытын болжайды.

Ғылымның дамуы барысында жаңа әдістердің белгісі және сипаты ашылып зерттеу қоры толысады. Бұл тұжырымды жоғарыда баяндалған амал мен әдістердің жүйелік-құрылымдық және функционалдық талдау, құрастыру, ақпараттық – энтропиялық, алгоритмдік т.б. түрлері арқылы дәлелденеді. Объекттің сипаты мен оның алдына қойылған міндеттер арқылы жалпығылыми әдістер айқындалады.

Философиялық және жалпығылыми әдістерге ғылымның арнаулы әдістері негізделіп оның теориялық базасын ғылымның арнаулы теориялық

денгейлері құрайды. Онтологиялық арнадағы теориялар аталған әдісті қалыптастырудың әдіснамалық қағидалары мен нормаларын реттейтін талаптарды анықтаушы рөлін атқарады. Ал қағидалар мен талаптар таным объекті аясындағы ғылым ерекшіліктерімен анықталады. Мысалға тарихтың басқа қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардан айырмашылығы адамзаттың өткен жолын зерделеп зерттеуінде. Міне осы ерекшелік оны зерттеудің әдісін табудың негізі болып табылады.

Ғылым әдісінің ең төменгі деңгейі нақтылы-проблемалық деп аталған. Бұл әдіс ғылымның нақтылы көріністерін талдап сипаттайтын. Ал үрдістер мазмұны нақтылы-проблемалық деңгейдегі теориялармен танылады. Міне осында нақтылы-проблемалық әдістердің әдіснамалық ерекшелігі, яғни әдістің негізделген қағидалары мен оның алдына қойылған талаптар анықталады. Мысалы, белгілі замандағы қалаған елдің экономикалық дамуы қаралатын болса оның қағидалары мен талаптарын мемлекеттің өндірістік-экономикалық дамуының түйіні, сатылық деңгей дәрежесі, жетілу қарқындағы өндіруші күштері мен өндірістік қатынастарының алдына қойған мақсаты айқындаиды. Яғни, зерттелуші объекттің дамуы объективті, занылық аясындағы және сол елдің ішкі қажетінен туындаған тарихи процесс түрфысында баяндалуы керек. Егерде идеологиялық сала зерттелетін болса ондағы қағидалар мен талаптар жеке тұлғаны әлеумет ортасына тартып үлгілік түйінін материалдық негіз арқылы, яғни субъектті объективті негізде көрсетеді (сипаттайтын). Сайып келгенде, екі мысалдағы зерттеу әдістері өзгеше болады.

Нақтылы-проблемалық әдістер объект түйінін баяндайтын теориялармен қатар арнаулы-ғылыми, жалпы ғылыми және философиялық әдістерге негізделеді. Ойымызды тұжырымдай келе түрлі деңгейдегі ғылыми әдістер жиынтығы иерархиялық ретпен құрылған және өзара тығыз байланыстағы жүйе деп тұжырымдаған дұрыс болады. Зерттеудің әдіснамасы мен әдісін құрайтын басты мәселелер осы баяндалған проблемалардан тұрады.

### **Тарихтың ғылымда алатын орны.**

Ғылымның қандай түрі болмасын оны тануда қолданылатын әдіс түрі зерттелуші объекттің шындық сипаты, алдына қойылған міндеті, сол ғылымның ғылым жүйесіндегі орнына байланысты екені зиялы ортага аян. Соңдықтан бұл тарауда әлеуметтік-гуманитарлық және тарих объекттерін тану мәселесі туралы ой қозғалмақ. Бірінші кезекте баяндау барысындағы социологиялық және тарихи таным мен білім аралық үлес-салмағын анықтау басты көңіл бөлінбек. Ғалымдар арасында социология тұжырымдаушы, ал тарих нақтылы ғылым екендігі туралы әр-түрлі пікірлер бар. Тағы бір ғылым арнасындағы өзекті

проблема тарихи танымның қоғамдық өмірдегі объективтілігі мен субъективтілігінің табиғи (органикалық) байланысы екендігі жөніндегі пікірлер болмақ.

Бұл орайда тарихтың әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдағы орнын анықтаған жөн. Танымның қандай түрі болмасын ол адам санасынан сыналған күбылыстардың сипатын, қасиетін, занылышы мен даму үрдісін бейнелейтін процесс болып табылады. Сөйтіп, білімнің барлық түрлері бейнелердің сипатын ұштастырады. Сондықтан болса керек таным теориясын ғылымда бейнелеу теориясы деп анықталған. Ал ғылыми таным танылуши объектпен оны танушы субъект ара-қатынасын сипаттайды. Ғылым салаларының айырмашылығы оның таным объектісі арқылы көрінеді.

Шындық процестері мен нақтылы оқиғалардың ұштасқан сапалық дәрежесі өзіндік ішкі табиғаттары, өміршендігі мен даму үрдісінен тыс көріністер ғылымда **таным объектісі** деп белгіленген. Бір топ зерртеушілер *объект* таным процесіндегі субъектке тәуелсіз және онымен тығыз байланыста болады деген тұжырымды ұстанған. Бұл ретте таным процесіне тыс объективті шындық бойында оның қасиеттері мен сипаттары дербес қалуы мүмкін [34, 231-234 бб.]. Бұндай шектеушілік таным процесіне гносеологиялық тәсіл тұрғысынан қарағанда дұрыс (занды) болады. Осы тұрғыда бірінші кезекте танымның онтологиялық және гносеологиялық аспектілері өзара тығыз байланысты болса ғана оның іс жүзіндегі дәрежесі міндettі ескерілуі керек; екінші кезекте іс жүзінде гносеологиялық тұрғыда таным мұддесінде объект бүкіл шындықты жанына жинақтайды. Тек осы жағдайда ғана танымның шеңбері кеңейіп оның мазмұны ұлғая түседі.

Тарихтың барлық кезеңінде іс жүзіндегі таным шындықтың бір бөлігін қамтуына орай таным процесіндегі объект мазмұнын ашу үшін түйін қажет. Жоғарыда баяндалған таным объекті түйінді ғылымда таным пәні деген атаумен белгіленген. Әдетте ғылыми әдебиетте «пән» деген түсінік кеңінен қолданылады [34, 233 б.]. Сөйтіп, дәстүрлі тәсіл арнасында таным объекттің аспекттері мен сипаттары зерттеу пәні деп аталады.

Объективті шындықта табиғат және адамзат жаратылысы мен ондағы тарихи оқиғалар айырмашылығы орасан зор. Бұл жөнінде әлемге танымал «Людвиг Фейербах және классикалық неміс философиясы» еңбегінде: «... Белгілі кезеңдегі қоғам тарихы табиғат даму тарихынан айырмашылығы елеулі сипатта...» екеніне ешбір күмән болуы тиіс емес [35, 305-306 бб.], - деп көрсетілген. Осы тұжырым негізінде ғылымның жаратылыстану және әлеуметтік-гуманитарлық бағыттары жіктеліп өз төрін құрған. Таным процесінің жетілу барысында әлеуметтік-гуманитарлық бағыттары болса

әлеуметтік-экономикалық, саяси-құқықтық, көркемдік-мәдени, этикалық-эстетикалық, әлеуметтік-психологиялық т.б. ғылым салаларының пайда болуына жол ашқан. Осы бағыт эволюциясында әлеуметтік-гуманитарлық ғылым бой көтеріп оның таным объектін қоғамдық дамудың сан қылышы түрлері қураған.

Сөйтіп, тарихтың таным объектін қоғамдық эволюцияның жарасымды ұштасқан қоғамдық оқиғалары құрайтынына ешбір шұбә келтірмейді. Сондықтан, тарих ғылымы әлеуметтік-гуманитарлық сала құрамындағы басқа ғылымдармен салыстырып талдайтын болсақ өзін кешенді, интегралды ғылым екенін байқатады. Яғни, тарихты зерттеуші алдына сан-қылыш міндеттер қойылады. Мысалы, ол әлеуметтік-экономикалық процестерді зерттеуде өз кәсібімен бірге дәл сол деңгейдегі экономика саласын барынша білуі тиіс. Егерде тарихшы нақтылы кезеңді зерттейтін болса ол өз кәсібімен қатар экономист, зангер, мәдениеттануші т.б. міндеттерді бойына алады. Сайып келгенде, тарихшылық кәсібімен қатар зерттелуші оқиғаға қатысты басқа ғылымдардың танымдық теориясын, әдіснамасын және әдістемесін игеруі кажет. Бұл орайда тарих ғылымында осы шарттар аясында баяндалған кешенді гуманитарлық ғылымдардың тәсілдерін, қағидалары мен әдістемесін ұштастырган еңбектер жеткілікті.

Әлеуметтік-гуманитарлық сала құрамындағы ғылымдардың таным объектілерінің өздеріне тән арнаулы және нақтылы –проблемалық теориясының әдіснама негіздері мен таным әдістері болады. Шындық процесі мен барлық оқиғалардың шексіз қасиеттері мен өзара байланысы қандай болмасын объектті тек бір ғана толық танудың мүмкін еместігін көрсетеді, ал танымның өзі салыстырмалы және шектеулі түйін екенін көрсетеді. Сондықтан, таным процесінде оның **объекті және пәні** болады.

Таным объектінің зерттеуге алынған өзара тығыз ұштасқан елеулі қасиеттері мен ерекшеліктері ғылымда таным пәні деп белгіленген. Егерде таным объекті оны танушы субъектке тәуелсіз шындық болса, таным пәні субъекттің мұддесі аясындағы сол шындықтың бір бөлігін құрайды. Зерттелуші объект туралы білімнің тереңдеуіне орай таным пәнінің шенбері де кеңейеді. Оны тарих ғылымының эволюциялық үрдісінен анық байқауға болады [36].

Тарих туралы білімнің ғылым дәрежесіне өтуіне қоғамдық өмір оқиғаларын провиденциалистік (дін, құдыретті күшке сенім) түрғыдан бағалаудан рационалдық деңгейден баяндауға көшумен түсіндіріледі. Яғни, бұдан bylай қоғамдық өмір оқиғалары құдыретті күш құзырында емес жеке тұлғалардың (патша, мемлекет қайраткерлері т.б.) ой-өрісі және іс-әрекеті арқылы болатындығы негізге алынған. Сондықтан, узақ уақыт бойы тарих ғылымы пәнінде империя, тек, хандар мен оларға жақын адамдардың өмір